

Сарыағаш аудандық мәслихатының депутаттары мен

аудан халқының назарына !

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы “Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Заңының 10-бабына сәйкес, алтыншы шақырылымдағы Сарыағаш аудандық мәслихатының кезекті елу алтыншы сессиясы 2020 жылдың 14 қазаны күні сағат 11:00-де Сарыағаш ауданы әкімдігінің мәжіліс залында өтетіндігін хабарлаймын.

Аудандық мәслихаттың кезекті елу алтыншы сессиясының тұрақты комиссияларының біріккен мәжілісі 2020 жылдың 07 қазан күні сағат 10:00-де аудандық мәслихаттың мәжіліс залында өтеді.

Сессия қарауына енгізілген мәселелер:

1. Аудан әкімінің, өзіне жүктелген функциялары мен міндеттердің орындалуы туралы,
2. Сарыағаш ауданының қыс мерзіміне дайындығы туралы,
3. Кәмелет жасқа толмағандардың істері жөніндегі комиссияның бір жылда атқарған жұмыстары туралы,
4. Сарыағаш ауданының білім бөлімінің бір жылда атқарған жұмыстары туралы,
5. Сарыағаш ауданының экономика және қаржы бөлімінің бір жылда атқарған жұмыстары туралы,
6. 2019 жылға арналған Сарыағаш аудандық бюджетінің орындалуы туралы,
7. Қала, кент, ауылдық округтері әкімдіктерінің 2019 жылға арналған бюджеттерінің орындалуы туралы,
8. Сарыағаш ауданының «2016-2020» жылдарға арналған әлеуметтік – экономикалық даму бағдарламасының орындалуы туралы,
9. Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясы мақұлдаған Сарыағаш ауданы бойынша 2019 жылғы Сарыағаш аудандық бюджетінің атқарылуы туралы,
10. Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясы мақұлдаған Сарыағаш ауданының қала, кент, ауылдық округтері әкімдіктерінің 2019 жылға арналған бюджеттерінің атқарылуы туралы,
11. Жемісті ауылдық округі әкімінің, өзіне жүктелген қызметтер мен міндеттердің орындалуы туралы,
12. Жылға ауылдық округі әкімінің, өзіне жүктелген қызметтер мен міндеттердің орындалуы туралы,

- 13.Тегісшіл ауылдық округі әкімінің, өзіне жүктелген қызметтер мен міндеттердің орындалуы туралы,
- 14.Көктерек кенті әкімінің, өзіне жүктелген қызметтер мен міндеттердің орындалуы туралы,
- 15.Сарыағаш ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бір жылда атқарған жұмыстары туралы,
- 16.Сарыағаш ауданының «Құрметті азаматы» атағын беру туралы,
- 17.Сарыағаш аудандық мәслихатының 2019 жылғы 26 қарашадағы №30-299-VI «Сарыағаш ауданы әкімдігінің жанындағы терроризмге қарсы комиссияның дербес құрамын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы,
- 18.Аудан әкімдігінің жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі комиссияның құрамын қайта бекіту туралы,
- 19.Сарыағаш аудандық учаскелік сайлау комиссияларының кейбір мүшелерін сайлау туралы,
- 20.Сарыағаш аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 маусымдағы №53-472-VI «Сарыағаш ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы,
- 21.«Сарыағаш ауданы бойынша елді мекендердің шекераларын өзгерту туралы» Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 25 маусымдағы №243 қаулысына және Сарыағаш аудандық мәслихатының 2019 жылғы 25 маусымдағы №39-379-VI шешіміне өзгеріс енгізу туралы,
- 22.Сарыағаш аудандық мәслихатының бақылауында тұрған шешімнің орындалу барысы туралы,
- 23.Сарыағаш аудандық мәслихатының кезекті сессиясының төрағасын сайлау туралы.

Сессия қарауына келіп түсуіне қарай өзге де мәселелер енгізілуі мүмкін.

**Аудандық мәслихат
хатшысы**

Б.Садықов